ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
БАСШЫСЫ

РУКОВОДИТЕЛЬ
АППАРАТА АКИМА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жыл 17 наурыз
Үшарал қаласы

№ 419
город Ушарал

Жерге орналастыру жобасын дайындауға сатып алынатын қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 2-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 509-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жерге орналастыру жобасын дайындауға сатып алынатын қызметтерді сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 25) тармақшасын негізге ала отырып, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Алакөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жалпы бөлімшесінің есепші бас маманы Ж.Кабенова:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

РАСТАЙМЫН
КОПИЯ ВЕРНА

Алакөл ауданы әкімі аппаратының басшысы **Д.Сатыбалдиев**

000218

Алакөл ауданы әкімі
аппаратының басшысы
Д. Сатыбалдиевке

"Алакөл ауданы әкімінің
аппараты" мемлекеттік
мекемесі жалпы
бөлімшесінің есепші бас
маманы Ж. Кабеновадан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба негізінде, жерге орналастыру жобасын дайындауға сатып алынатын қызметтерді бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Мәселенің маңыздылығын ескере отырып, көрсетілетін қызметті **"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына** сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру қажет. Аталған нормада "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу " бір көзден сатып алу тәсілін қолдануға рұқсат етіледі.

Осыған байланысты, Сізден жоғарыда аталған заң нормасына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Алакөл ауданы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесі жалпы бөлімшесінің
есепші-бас маманы **Ж.Кабенова**